

**Шектеу іс-шараларын алу және Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 12 шешімінің күшін жою туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 20 наурыздағы № 35 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Байғанин аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 02-08-04/54 ұсынысы негізінде Қарауылкелді ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округінің Қарауылкелді ауылы Қ.Жазықов көшесі № 76 үйдің мүйізді ірі-қара малдар арасынан бруцеллез ауруының ошақтарын жою бойынша ветеринариялық іс-шаралары жүргізілгендігіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 12 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарауылкелді ауылдық округінің әкімі*

*А. Ергалиев*